

Түркістан облысы Сайрам ауданы білім бөлімінің
«№2 Сайрам» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2024 – 2025 оқу жылы

**«№2 Сайрам» бөбекжай – бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнындағы №1-педагогикалық кеңес отырысының**

ХАТТАМАСЫ

2024 жылғы «27» тамыз

Қатысқандар: 26

Болмағандар:0

«Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, бөбекжай – бақшасының 2024 – 2025 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау.»

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. Жазғы сауықтырудың нәтижелері.
3. 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау:
 - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау;
 - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын ұйымдастыру және жүзеге асыру;
 - педагог қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп және біліктілік санаттары;
 - балалардың кешенді қауіпсіздігінің стратегиясы: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек?
4. Бекіту:
 - ҰІӨ, күн тәртібінің регламентін, дамытушы бағдарламаларды;
 - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау;
 - 2024 – 2025 оқу жылында педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары;
 - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау;
 - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау;
 - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту.
5. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші болып бөбекжай – бақшасы меңгерушісі К.С.Наукенова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін оқыды. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Бөбекжай – бақшамыздың Сайрам ауданының барлық бөбекжай – бақшасының арасындағы рейтингі анықталды. Рейтинг бойынша көрсеткіште І орынды иелендік. І орын болуының себебін түсіндірді, осы бағыттағы жұмыстың негізгі перспективаларын белгіледі.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай – бақшасы әдіскері Н.Д.Дилданова сөз сөйледі. Бөбекжай – бақшадағы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша

жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болғандықтан және балалардың ашық су айдындарында шомылуына мүмкіндік көп болғанына байланысты бұл олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы кезеңде ауладағы бассейнде жүзу өткізілді. Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Мәзірге балғын шырындар, жемістер, көкөністер енгізілді. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі орташа және төмен қарқынды ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

Шешім: 1. Жазғы сауықтыру кезеңінде бөбекжай – бақшасының педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін: «бірауыздан» 26; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай – бақшасы әдіскері Н.Д.Дилданова сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

Шешім: 2. Бөбекжай – бақшаның 2024 – 2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарының жобасы бекітілсін және негізге қабылданын: «бірауыздан» 26; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

- Үшінші мәселе бойынша бөбекжай – бақшасы меңгерушісі К.С.Наукенова сөз сөйледі.

Шешім: 3. ҰІӨ, күн тәртібінің регламенті бекітілсін.

Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін.

Педагог қызметкерлердің 2024 – 2025 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру жоспарлары және үйірме жұмысының циклограммалары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрағасы К.С.Наукенова мен хатшысы Р.Е.Бастыкова бекітілсін.

Инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін:

Шығармашылық топ жетекшісі:

1. Дилданова Назерке Даниярбековна – әдіскер

Шығармашылық топ мүшелері:

2. Айткулова Ләзат Исаметовна – тәрбиеші
3. Өмірзақ Назгүл Орынбасарқызы – тәрбиеші
4. Юсантаева Инабат Маккамбаевна – тәрбиеші
5. Әуенесова Айман Дәниязқызы – тәрбиеші
6. Саткулова Роза Абилдабековна – тәрбиеші
7. Нурманова Улшат Жуватхановна - тәрбиеші

«бірауыздан» 26; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай – бақшасы әдіскері Н.Д.Дилданова сөз сөйледі. Ол бөбекжай – бақшасының Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

Шешім: 4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын: «бірауыздан» 26; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғандар» – жоқ.

Педагогикалық кеңес мүшелері мен шақырылған тұлғалардың ұсыныстары, ұсынымдары мен ескертулері жоқ.

Төраға К.С.Наукенова

Хатшы Р.Е.Бастыкова



Түркістан облысы Сайрам ауданы білім бөлімінің
«№2 Сайрам» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

2024 – 2025 оқу жылы

ХАТТАМАСЫ

2024 жылғы «20» желтоқсан

Қатысқандар: 26

Болмағандар:0

Дәстүрден тыс тақырыптық педагогикалық кеңес

(цифрлық платформада)

Тақырыбы: «STEM-технология мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде».

Мақсаты: педагогтерді белсендіру әдістерін пайдаланып, оларды баланың дамуына инновациялық көзқарас мәселелерінде өзінің құзыреттілігін бағалауға қатысуға тарту.

Күн тәртібінде

1. № 1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу».
3. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.
4. «Өз мамандығыңды танысың ба?» іскерлік ойын жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру.
5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

1.Тыңдалды:

«Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу» тақырыбында бөбекжай – бақшасы меңгерушісі К.С.Наукенова баяндама оқыды.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру – білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Адамзат баласының өз ұрпағын мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек. Білім, тәрбие жұмысына жаңа әдістемелік амал-тәсілдерді, құрал-жабдықтарды, жаңа тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану инновация деп аталады. Инновация –жаңалыққа талпыну, бұл сән немесе еліктеуін емес, қатал шындық, өмір қажеттігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу – қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік

үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріп жатқаны да белгілі.

Қазір педагогика ғылымында «оқытыдың жаңа технологиясы», «оқытудың инновациялық технологиясы» деген ұғымдар кеңінен қолдануда. Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр. Кез келген технологияның маңызы оның құрылымымен анықталады. «Педагогикалық технология – оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы» Б.Т.Лихачев. «Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибеде жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы». В.П.Беспалько. «Инновация» термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Югославияның педагог ғалымы К.Ангеловский педагогика инновация мәселесін терең түрде зерттеген. Ол инновация терминінің эканомика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, «кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаналандыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизация ұғымдарын пайдаланады», -деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз – мазмұнды жанашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз – инновациялық мазмұнды дамыту, жананы ұйымдастыру, ал «жанаша» жегеніміз жана мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз. Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық: педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұның және әдіс- тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үдерісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;

- үдерісті сипаттаушы: үдерісті сипаттау (алгоритмі) оқытудың жоспарланған нәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;

- үдерісті іс-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үдерісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдеснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік-адамгершілік, рухани-азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- тиімділігі, жүйелілігі және басқада жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалануды төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1- кезең – оқып үйрену. 2-кезең – меңгеру. 3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану. 4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру.

Енді инновациялардың мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланатын кейбіреуіне тереңірек тоқталайық. А.С.Макаренка айтқандай «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің, қандай маңызы болса, өскен соң жұмыста да сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады».

2.Тыңдалды:

Бөбекжай – бақшасы әдіскері Н.Д.Дилданова сөз алды. Ол өз сөзінде қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің барлығы Қазақстандық білім

мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы — білім мазмұнының жаңаруын талап етуде. Осы мақсатқа сәйкес білім беру саласындағы бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жаңа бағдарламалар жарық көріп, білім мен ғылымды дамытудың жаңа бағыттары айқындалды. Балаларды дамыту мен оқытудың талаптарының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту трансформациялануда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны балалардың бойында «креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға» бағытталғандығы көрсетілген. Бұл жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларының бірі — мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін өзекті мәселелер анықталған. Соның ішінде: — балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі; — балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі; — білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін құруға кедергі жасауы. Сонымен қатар МДҰ-да жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыруда ұйымдастырылған оқу қызметтерін білім беру салалары бойынша кіріктіріп өткізудің маңызы зор. Аталған мәселелерді шешу үшін мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жеке қажеттіліктері ескеріліп, тәрбиелеу-білім беру процесінде жаңа заманауи әдістерді енгізу қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларын негізге ала отырып балалардың бойында ұлттық құндылықты сіңіруде маңызды кезең болып табылады. «Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс», - деп «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде» берілуі — баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану қажеттілігінің маңызын аша түсті. Бұл жаңартылған білім беру мазмұнының «Бала үні» атты түйінді идеясының негізі болып табылады. Баланың ойынға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке деген қажеттіліктерін ескеріп, педагогтың сапалы маңызды өзара іс-қимыл орнатуы — баланы білім беру процесінің субъектісі ретінде орын алуына мүмкіндік береді. Бала өз қажеттілігі бойынша өз іс-әрекетін өзі жоспарлап, жұмыс алгоритмін құрып, сол алгоритм бойынша нәтижеге бағытталған әрекеттерді орындауды игерсе, өмірдің дамуына тез бейімделіп, балалардың бойында болашақта еңбек етуге қажетті кешенді тапсырмаларды шеше алу, шығармашылықпен ойлау, өз ой пікірін айту және пайымдау, шешімдер шығара алу, бір тапсырмадан екіншісіне тез ауыса алу сияқты дағдылары қалыптасады. Балалардың танымдық белсенділікке қажеттілігін ескеріп, дербестігін ынталандыруда белсенді әрекетке түсірудің маңызы зор. Себебі бала белсенді әрекетке түскенде ғана ақпаратты толық қабылдайды. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды белсенді әрекетке түсіруде заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды және оның өз талаптары бар. Топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы мазмұны толық, өзгермелі, түрлі қызмет атқаратын, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек: — балалардың ойын, танымдық, шығармашылық, қимыл белсенділігі мен жағымды әлеуметтенуін қамтамасыз ететін материал мен жабдықтардың болуын және әртүрлілігін

қамтамасыз ету; – білім беру жағдайына сәйкес заттық дамытушы органың өзгеруін қамтамасыз ету (қызық емес ойыншықтарды уақытша алып қою және қажеттілігіне қарай ойын аймағына қайтадан әкелу); – балалардың еркін таңдауына мүмкіндік беретін түрлі кеңістіктердің (ойынға, құрастыруға арналған аймақтар) болуын қамтамасыз ету; – балалардың ойынға, ойыншықтарға, материалдарға, құралдарға еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету; – баланы дамыту, тәрбиелеу, коммуникативтік, танымдық, жеке-әлеуметтік, қимылдық әрекетін ынталандыру; – балалардың қызығушылықтарына қарай жабдықтарды аймақтарға бөлу; – әрбір топта балалардың экспериментті әрекеті үшін орын қарастыру. Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы орталар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұйымдастырылады және балалардың өз қажеттілігі бойынша әрекетке түсуіне мүмкіндік береді. Педагог баланың әрбір әрекетін бақылап, қажеттілігіне қарай бағыт бере отырып, жаңартылған білім беру мазмұнының «Бала үні» идеясын жүзеге асырады. Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу-білім беру процесін модернизациялауда STEM білім беру технологиясын қолдану өзекті мәселеге айналды. STEM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл стандартта көрсетілген мектеп жасына дейінгі балалардың бойында 4К моделінің дағдыларын қалыптастыру міндетін жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі. STEM аббревиатурасы: – S — science (жаратылыстану ғылымы) – T — technology (технология) – E — engineering (инженерлік) – M — mathematics (математика) Яғни осы салалардың біріккен жиынтығын қамтитыды. STEM білім беру технологиясы мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметтерін интегралды түрде өткізуге мүмкіндік береді. STEM оқыту бойынша педагог оқу қызметтерін интегралды ұйымдастыруға көп көңіл бөлуі керек. Интегралды оқыту — бұл бір тақырып төңірегінде білім беру салалар мазмұндарының тоғысуы, бір-бірімен байланысуы. Интегралды бағытта ұйымдастырылған оқу қызметтері тақырыпты жан-жақты талдауды, зерттеуді, толық меңгеруді қамтамасыз етеді. STEM білім беру технологиясы бойынша балаларға берілетін ақпараттар қарапайым, жеңіл болмауы керек. Керісінше күрделі, ғылыми тұрғыда балалардың жас ерекшелігіне орай тереңірек түсіндірілуі қажет. Мәселен, «Көліктер» тақырыбы бойынша педагог: – S — көлік туралы ғылыми ақпарат береді. Яғни көліктердің үш түрі болатыны ғана емес, көлікті алғаш рет кім және қашан, не үшін, қалай ойлап тапқаны туралы, басқа дамыған елдерде көліктің қандай түрлері бар екені туралы мағлұматтар береді. Ол үшін педагог міндетті түрде тақырыпты алдымен өзі терең зерттеп, қажетті ақпараттарды тауып, табылған ақпараттарды балалардың жас ерекшелігіне орай ықшамдап, арнайы бейнероликтер дайындап алуы қажет. – T — балалардың технологиялық сауаттылығын қалыптастыру бойынша тапсырмалар әзірлейді. АКТ бойынша интербелсенді тақтада дамытушы тапсырмалар құрастыруға болады. – E — көліктің макетін әртүрлі әдіспен құрастырады. Лего конструкторлармен жұмыс жасау мектеп жасына дейінгі балаларға өте қызықты. Лего конструкторлармен жұмыс барысында балалардың ұсақ қол моторикалары дамиды. Балалар құрылыс әрекетін жоспарлап, жұмыс алгоритмін құрып, сол алгоритм бойынша әрекет жасауды үйренеді. Топта ұжымдасып жұмыс жасауға дағдыланады. – M — көліктерді санайды, түстерін атайды, көлемдерін салыстырады, кеңістікте орналасу ретін анықтайды, қандай пішіндерден тұратынын айтады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда бұл технологияның жаңа нұсқалары қолданылуда. Оның ішінде кең

таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика). STEM білім беру технологиясының құрылымына А (Art) қосылды. А (Art) — өнер, яғни балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қолданылады. Мәселен, көлік тақырыбында бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін қолдана отырып көліктің суретін салуға, жапсыруға немесе мүсіндеуге болады. STEM оқытуда балалардың топтық, жұптық жұмыс жасауы маңызды. Топпен ұжымдасып жұмыс жасау ұйымдастырылған оқу қызметінің уақытын үнемдеп, тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Топпен жұмыс барысында балалар бір мақсатқа жету үшін бірігіп, мәмілеге келіп әрекет етуге дағдыланады. Бір-бірінің ойын тыңдап, толықтырып, ортақ түйін шығарады және де өз жұмыстарын ортаға шығып таныстыруды үйренеді. Осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуі балалардың бойында 4К моделі дағдыларының қалптасуына әсер етеді. STEM білім беру технологиясының ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатуға септігі мол. Педагогтың шеберлігіне қарай ата-аналармен бірлесіп түрлі жобалар ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінде S бағыты бойынша тақырыптың ғылымилығын ашуда балаларға ата-аналармен бірігіп орындауы үшін алдын ала үй тапсырмасын беруге болады. Мәселен, көлік тақырыбының ғылымилығын ата-ана баласымен бірге іздеп, тауып, постер әзірлеп, баланы сол постерді таныстыруға дайындайды. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болып, оларды тәрбиелеу-білім беру процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі болуға тиіс. Осындай бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Тұтас бала бейнесі» идеясын іске асыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін модернизациялауда жаңартылған білім беру мазмұнының түйінді идеяларын іске асыру және STEM білім беру технологиясын қолдану педагогикалық білім мазмұнының жаңаруы мен жоғарылауына септігін тигізеді.

3.Тыңдалды:

Бөбекжай – бақшасы «Шұғыла» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Р.Д.Ержанова сөз алды. Ол «Өз мамандығыңды танысың ба?» іскерлік ойын жас мамандармен өткізді. Ең бірінші мақсат, міндеттерімен таныстырды. Қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік - психологиялық мәдениетін жетілдіру. Тәрбиешілердің педагогикалық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа әртістікке, бастамашылдыққа ынтасын дамыту. Өзін өзі тануға, педагогикалық ізденімпаздыққа қызығушылығын балабақшадағы әдістемелік жұмыстың перспективасын анықтау. Тәрбиешілермен экспресс – интервью «Сіз қалай ойлайсыз өз мамандығыңызды тани білесіз бе?

Ойын барысында өтілетінін түсіндіріп өтті.

№1 Тапсырма:

Тақырыбы: «Стандартты білесің бе?»

Әр топқа стандарт туралы қойылған сұрақтары бар конверттерді ала отырып сұрақтарға жауап береді.

№2 Тапсырма:

«Әр жас ерекшелігіне сай қимылды ойын беріледі тәрбиешілер ойынды ойнап көрсетеді».

кіші топ “Аяқпенен жер тебінеміз”

Ортаңғы топ “Қояндар мен қасқыр”

«Ересек топ «Хан»

№3 Тапсырма: «Тәрбиешінің мәнерлеп сөйлеуін және оқуын дамыту» / Тақтаға төмендегі тапсырмалар ілінеді:

а/ «Мында кел» деген сөзді жай, дауыстап, қатал дауыспен айту.

б/ «Жарайсың» деген сөзді жай, дауыстап, нәзік, риза болып, мысқылдап, қуанышпен, ғашық болып айту.

в/ Тәрбиешілердің жалпы ымдау реакциясын анықтау./мына тапсырма тәрбиешілердің бірдей орындауымен өтеді/

Тәрбиешілер бірін бірі көрмейтіндей отырады. Жүргізуші төмендегідей педагогикалық жағдаятты оқиды:

«Оқу іс-әрекеті басталып кетті. Сіз балаларға тақырыпты түсіндіріп жатырсыз.

Есік ашылып, топқа ең «тентек» бала кіреді».

-Сіз оған қатал: «Отыр жылдам»

-Таңғалып: «Күткен жоқпыз»

-Жаратпай: «Сен мені тағы да алаңдаттың»

-Сұрап: «Тағы да бірдеңе болды ма?»

-Сөгіп: «Сен бала маған жұмыс жасауға мүмкіндік бермейсің»

-Қуанып: «Ақыры келдің бе?»

Ойын ойнатылып біткеннен кейін, бқл ойындар біздің күнделікті жұмыс барсында көретініміз айқын. Алайда біз осыларды нақты жүйелі қолданамыз ба, ол әрбір тәрбиешінің жауапкершілігінде деп ойлаймын, деп қатысқан тәрбиешілергі алғысын айтып түйіндеді.

Сөз кезегі «Қарлығаш» кіші тобының тәрбиешісі И.М.Юсантаева сөз алды. Мен әріптесімді мұқият тыңдадым нақты кең көлемде, ұйымдастырғаны және де өзінің балалармен ойналатын ойындарды жүйелі нақты жам мандарға наныстырып ойналу барысын көрсетті. Мен өз әріптесімді өте жақсы білемін ол балалармен терең жұмысты үнемі жүргізіп отырады. Келтірілген ойындар өте қызықты болады, рақмет шығармашылық табыс тілеймін деп өз ойын білдірді.

4.Тыңдалды:

Бөбекжай – бақшасы «Балдырған» ортаңғы тобының тәрбиешісі Ж.И.курбенова сөз алды. Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу-бүкіл қоғамның проблемасы. Балаларды жолдағы дұрыс мінез-құлыққа үйрету ерте жастан басталуы керек. Мұғалімдер мен ата - аналардың міндеті-бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардан сауатты және тәртіпті жол қозғалысына қатысушыларды тәрбиелеу. Бөбекжай – бақшасында болған кезде балаларды жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне үйрету ауыр зардаптарды және оның ЖКО-ға түсу мүмкіндігін азайтуы мүмкін. Жолда баланы құтқара алатын жалғыз нәрсе-қызыл түстің тыйым салынған қасиеттеріне деген сенім. Оны сендіре алатын жалғыз адам-ересек адам. Және жалғыз жолы-оның үлгісі. Жол-көлік оқиғаларының себептері Жол-көлік оқиғаларының жиі кездесетін себептері:

1. Жақын жүретін көліктің алдында белгіленбеген жерде көлік жүретін бөлікке шығу (біздің балаларымыздың арасында көлік жүретін бөлікті өтер алдында тоқтап қалу, көлік жүретін бөлікті өтер алдында оны мұқият қарап шығу, басын бұрып мұқият қарап шығу және қозғалыс кезінде жағдайды сол және оң жақтан бақылау әдеті аз).
2. Автобуска немесе басқа кедергіге байланысты жолға шығу (біздің балалар жаяу жүргіншілер өткеліне көлік құралынан шығып кетуге немесе бұталар мен қар құрсауынан шықпас бұрын жолды тексеруге үйренбейді).
3. Жолда ойнау (біздің балаларымыз барлық бос аумақ ойын алаңы екендігіне

үйренеді).

4. Жүріс бөлігімен жүру (жақын жерде тротуар болса да, балалардың көпшілігі жүріс бөлігімен жүруді әдетке айналдырады, ал көбінесе барлық бұзылулармен). Міндеттерді орындау кезінде мұғалім мыналардан басталуы керек: баланың балабақшада алатын басты құндылығы бірқатар Дағдылар мен әдеттерден тұрады. Баланың пайдалы дағдылары мен әдеттері неғұрлым көп болса, оған білім беру оңайырақ болады. Балабақшадағы балалардың алған білімдерінің саны тек өз және басқа адамдардың іс – әрекеттеріне саналы түрде қарау (дұрыс – дұрыс емес, еліктеу – еліктемеу), ойды іске аудару қабілеті (машина кетті – сіз ауыса аласыз-өтті) сияқты дағдылар мен әдеттерді игеруге байланысты өте маңызды. Сіздің импульстарыңызды және тілектеріңізді тежеу әдеті де маңызды (жүгіру – бірақ бұл мүмкін емес, өйткені қызыл бағдаршам жанып тұр). Маңызды, назар аудару әдеті, кездесетін қиындықтарды өз бетінше жеңу. Балабақша негізінен тәрбиелік мекеме екенін әрқашан есте ұстаған жөн. Сондықтан тәрбиешінің міндеті-жол ережелерін оқытуда ғана емес, көшеде, жолдарда, көлікте балалардың қауіпсіз мінез-құлқын тәрбиелеуде.

Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөбекжай – бақшасы меңгерушісі №2 педагогикалық кеңес шешімі шығаруды ұсынды:

Қаулы:

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
- 2.Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Осы шешімдердің орындалуы әдіскер Н.Д.Дилдановаға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



К.С.Наукенова

Р.Е.Бастыкова